

Қазақстан Республикасы
Шымкент қаласы әкімінің аппараты
КӨШІРМЕСІ ДҮРІС



Шымкент қаласы әкімдігінің
2019 жылғы 9 шілдедегі
№ 620 қаулысына
10-косымша

Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық

**ЖУРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ «Т.О.Орынбаев атындағы гипербариялық
оксигенация орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының**
Енбекші ауданының
көзделгенесе түркелген көзделгенесе

ЕҢГІЗІЛГЕН ФАЛЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР
2019 ж. 30. шеңберде
БСН 9977400044736
№ 405-1958-НАО-ДКР.
Бастапқы түркелген күні
2019 ж. 23 2019 ж.

Жарғысы

1. Жалпы ережелер

- Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Т.О.Орынбаев атындағы гипербариялық оксигенация орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорны) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынының үйімдік-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.
- Кәсіпорының құрылтайшысы Шымкент қаласының әкімдігі болып табылады.
- Кәсіпорының мүлкіне қатысты субъектінің құқығын мемлекеттік коммуналдық меншік құқығын Құрылтайшы жүзеге асырады.
- Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасы (бұдан әрі - Үекілдік орган) болып табылады.
- Кәсіпорының атауы: Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Т.О.Орынбаев атындағы гипербариялық оксигенация орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.
- Кәсіпорының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, Енбекші ауданы, Алдияров көшесі, №60 А, пошталық индекс – 160009.

2. Кәсіпорының заңдық мәртебесі

- Кәсіпорының заңнамаға сәйкес дербес тенгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорының атауы бар бланкілері, мөрі болады.
- Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорын заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысуышы) бола алмайды.
- Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндепті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленесе, түркелген салтанат бастап жасалынған деп есептеледі.
- Кәсіпорын Оңтүстік Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Т.О.Орынбаев атындағы

ТЕКСЕРЛДІ

облыстық жоғары қысымды оксигенация орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының барлық мүліктік құқықтары мен міндеттерінің құқықтық мирасқоры болып табылады.

3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

11. Кәсіпорын қызметінің мәні денсаулық сақтау саласында өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру болып табылады.

12. Кәсіпорын қызметінің мақсаты амбулаториялық-емханалық, стационарлық және консультативтік-диагностикалық қызмет көрсету болып табылады.

13. Қойылған мақсаттарды іске асыру үшін Кәсіпорын медициналық және дәрігерлік қызметке берілген мемлекеттік лицензияға сәйкес қызмет түрлерін жүзеге асырады.

14. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауга құқылы емес.

15. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі Кәсіпорынның Уәкілетті органының және/немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органының, не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4. Кәсіпорынды басқару

16. Кәсіпорынның Құрылтайшысы:

1) Кәсіпорындарды құру, қайта үйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді немесе Уәкілетті органға уәкілеттік береді;

3) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

4) Кәсіпорында Байқау кеңесін енгізу туралы шешім қабылдайды;

5) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

17. Кәсіпорынның Уәкілетті органы:

1) Кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын қызметінің басым бағыттарын және міндетті жұмыс (қызметтер) көлемін анықтайды;

2) Құрылтайшы берген тиісті өкілеттіктер болған жағдайда Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

3) Кәсіпорындардың даму жоспарларын және олардың орындауды жөніндегі есептерді бекітеді;

«Азаматтарға арналған үйімет мемлекеттік
корпоративтік коммерциялық өмірдің міндеттерінің
қоғамының Шымкент қаласы бойынша филиалының
Енбекші аудандық тіркеу және жер
кадастры белімі

ТЕКСЕРІЛДІ

- 4) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;
- 5) Кәсіпорынның мүлкін пайдалануға және сактауға бақылауды қамтамасыз етеді;
- 6) Кәсіпорын мүлкінің есепке алууды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;
- 7) Кәсіпорынның Байқау кеңесінің мүшелігіне үміткерлерді конкурстық іріктеуді жүргізеді;
- 8) Кәсіпорынның Байқау кеңесінің құрамын қалыптастырады және бекітеді;
- 9) Кәсіпорынның Байқау кеңесінің ұсынысы бойынша Кәсіпорынның басшысын, оның орынбасарларын және бас бухгалтерін қызметке тағайындейды және оның алдын ала келісімі бойынша қызметтен босатады;
- 10) Кәсіпорынның Байқау кеңесі туралы ережені бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
- 11) Кәсіпорынның корпоративтік басқару кодексін бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
- 12) Кәсіпорында ішкі аудит қызметін құру туралы шешім қабылдайды;
- 13) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

18. Кәсіпорын органдары:

- 1) Басқару органы – «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және (немесе) Кәсіпорынның Жарғысымен Уәкілетті органның және (немесе) Құрылтайшының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, кәсіпорын қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын Байқау кеңесі (бұдан әрі – Байқау кеңесі);
- 2) жеке-дара атқарушы орган – Кәсіпорынның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын Кәсіпорынның басшысы болып табылады.

19. Байқау кеңесі мүшелерінің саны тақ болуы, жақын туыстық пен бір-бірімен және Кәсіпорын басшысымен қарым-қатынаста болмайтын 5 (бес) адамнан кем болмауы тиіс.

Байқау кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы Байқау кеңесінің тәуелсіз мүшелері болуға тиіс.

Байқау кеңесінің мүшелері кәсіпорын басшысын қоспағанда, кәсіпорын қызметкерлерінің штатына кірмейді.

Байқау кеңесінің құрамына Уәкілетті органның өкілдері, Кәсіпорынның басшысы және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес конкурстық негізде сайланатын адамдар кіреді.

Мынадай:

- 1) соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;
- 2) заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам осы заңды тұлғаның басшысы болған;
- 3) бұрын сыйбайлас жемқорлық құқық бузуышын жасаған.

Азаматтарға арналған үкімет ыншадаудың
шартының жаңа жағдайдаған
қоғамының Шымкент қаласы бойынша фінансалының
Еңбекші зудандық тіркеу жағын жар
кадастры белгілі

ТЕКСЕРІЛДІ

4) Байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе Кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы адамды Байқау кеңесінің мүшесі ретінде сайлауға болмайды.

20. Байқау кеңесінің өкілеттік мерзімі 3 (үш) жылды құрайды.

Байқау кеңесінің құрамына сайланған адамдар, егер Қазакстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, шектеусіз рет қайта сайлануы мүмкін.

Байқау кеңесінің өкілеттік мерзімі Уәкілетті орган Байқау кеңесінің жаңа құрамын сайлау жүргізілетін шешім қабылдаған сәтте аяқталады. Уәкілетті орган Байқау кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Бұдан басқа, Байқау кеңесі мүшесінің өкілеттігі Байқау кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешіміне сәйкес байқау кеңесі мүшесінің жазбаша өтініші негізінде мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

Байқау кеңесі мүшесінің жазбаша өтінішінде оның өз міндеттерін одан әрі орындай алмауының себебі көрсетіледі.

Байқау кеңесі Байқау кеңесі мүшесінің өтінішін қарайды және осы өтініш Уәкілетті органға келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде шешім шығарады.

Кәсіпорынды қайта үйымдастыру жүзеге асырылған жағдайда Байқау кеңесі қайта үйымдастыру аяқталғанға дейін күнтізбелік жиырма бес күн бұрын өз өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдайды.

Байқау кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған және Уәкілетті орган Байқау кеңесінің жаңа мүшесін сайлаган жағдайда, соңғысының өкілеттігі жаңы Байқау кеңесінің өкілеттік мерзімі аяқталысымен бір мезгілде аяқталады.

21. Байқау кеңесінің төрағасы Байқау кеңесі мүшелерінің арасынан байқау кеңесі мүшелері санының көпшілік даусымен сайланады. Кәсіпорын басшысы Байқау кеңесінің төрағасы болып сайлану үшін кандидат болып табылмайды.

Байқау кеңесі кез келген уақытта Байқау кеңесінің төрағасын қайта сайлауға құқылы.

Байқау кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда ағымдағы отырыс шенберінде оның функцияларын Байқау кеңесінің тиісті шешімі негізінде Байқау кеңесі мүшелерінің бірі уақытша жүзеге асырады.

22. Уәкілетті орган Байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалауды жүзеге асырады. Байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау қорытындылары бойынша үәкілетті орган Байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу туралы шешім қабылдайды. Мемлекеттік қызметші болып табылатын Байқау кеңесінің мүшелеріне және Кәсіпорын басшысына сыйақы төленбейді. Байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы Кәсіпорынның қаражаты есебінен төленеді.

Байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалауды жүзеге асырады. Байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау қорытындылары бойынша үәкілетті орган Байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу туралы шешім қабылдайды. Мемлекеттік қызметші болып табылатын Байқау кеңесінің мүшелеріне және Кәсіпорын басшысына сыйақы төлеу туралы шешім қабылдайды. Ең үлкен аудандық тіркеу және жар кадастры өндіріс

ТЕКСЕРІЛДІ

23. Байқау кеңесі мүшесінің функциялары, құқықтары мен міндеттері, Байқау кеңесі жұмысының (қызметінің) тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) Кәсіпорынның Жарғысымен, Байқау кеңесі туралы ережесімен айқындалады.

24. Байқау кеңесінің мүшелері Кәсіпорын, Уәкілетті орган және Құрылтайшы алдында Кәсіпорынның іс-әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) келтірілген зиян үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

Байқау кеңесінің мүшелері, егер Байқау кеңесі қабылдаған, Кәсіпорынның залалына әкеп соқтырған шешімге қарсы дауыс берген немесе дауыс беруге қатыспаған жағдайда жауапкершіліктен босатылады.

25. Байқау кеңесі:

1) Уәкілетті органға Кәсіпорынды даму жоспарының жобасы бойынша, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша қорытынды береді;

2) Кәсіпорынның даму жоспарының орындалуы туралы есентің жобасын келіседі, кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекітеді;

3) демеушілік және қайырымдылық көмекті және қосымша көздерден алынған қаражатты, оның ішінде Кәсіпорынның иелігінде қалған таза табыстың бір бөлігін бөлу туралы шешім қабылдайды;

4) бастамашылық аудит жүргізу туралы шешім қабылдайды;

5) бюджет қаражаты мен қосымша көздерден алынған қаражаттың нысаналы пайдаланылуын бақылау үшін Кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттамасымен кедергісіз танысады және аталған қаражаттың нысаналы пәйдаланылуын тексеруді жүзеге асыру үшін Уәкілетті органға ұсыныстар енгізеді;

6) Кәсіпорын басшысын тағайындау және онымен еңбек шартын бұзу мәселелері бойынша Уәкілетті органды ұсыныстарын келіседі;

7) ұжымдық шартты әзірлеуге қатысады және қосымша қаржы көздерінен, даму жоспарында бекітілген қаражат шегінде Кәсіпорын қызметкерлерінің, басшысының, оның орынбасарларының, бас бухгалтерінің лауазымдық жалақыларына ұстемеакы белгілеу, сыйлықақы беру және материалдық көмек көрсету бөлігінде шешімдер қабылдайды;

8) Байқау кеңесі хатшысын тағайындейдьы, оның өкілеттік мерзімін және жалақысының мөлшерін айқындейдьы, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады;

9) Уәкілетті органға Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныс енгізеді;

10) Кәсіпорын қызметінің басым бағыттары бойынша ұсыныстар әзірлейді;

11) Уәкілетті органға Кәсіпорынның басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы ұсыныстар енгізеді;

12) Уәкілетті органға Кәсіпорынның филиалдарын, оқілдіктерін куру және жабу жөніндегі ұсыныстар енгізеді;

13) Кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарының жіктеуін бекітеді;

14) Кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарының жіктеуішіне сәйкес Кәсіпорынның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекітеді;

15) Кәсіпорын басшысын тағайындауға кандидатураларды сайлайды, сондай-ақ Кәсіпорын басшысымен еңбек шартын бұзу мәселесін алдын ала келіседі;

16) Кәсіпорын басшысының орынбасарларын және бас бухгалтерді қызметке тағайындау және қызметтөн босату туралы мәселелерді алдын ала келіседі;

17) Кәсіпорынның ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындауды, оның басшысы мен мүшелерін тағайындайды, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқығы бар, ішкі аудит қызметінің **жұмыс тәртібін**, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы беру мөлшері мен шарттарын айқындауды;

18) аудиторлық үйымның қаржылық есептілік аудиті үшін қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындауды;

19) Кәсіпорынның үйымдық құрылымы мен штат санын бекітеді;

20) Кәсіпорын немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен корғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты айқындауды;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Кәсіпорынның Жарғысында көзделген, Уәкілетті орган мен Құрылтайшының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Осы тәрмакта белгіленген Байқау кеңесінің өкілеттіктерін Кәсіпорын басшысына беруге жол берілмейді.

Кәсіпорынның Байқау кеңесі мүшесінің талабы бойынша Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелері Байқау кеңесінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпарат беруге міндетті.

26. Байқау кеңесінің отырыстары қажет болуына қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

Байқау кеңесінің отырысын оның төрағасы өз бастамасы бойынша, Уәкілетті органның, Байқау кеңесі мүшесінің немесе Кәсіпорын басшысының талап етуі бойынша шақыруы мүмкін.

Егер Байқау кеңесінің барлық мүшелері оның өткізілетін уақыты мен оны туралы хабарлар етілсе және отырыска Байқау кеңесі мүшелерінің жартысынан астамы катысса, байқау кеңесінің отырысы заңды болып табылады. Байқау кеңесі мүшесінің өз дауысын Байқау кеңесінің басқа мүшесіне немесе өзге жеке тұлғаға (сенімхат бойынша) беруіне жол берілмейді.

Байқау кеңесінің әрбір мүшесі дауыс беру кезінде бір дауысқа ие болады. Дауыстар тән болған жағдайда Байқау кеңесі төрағасының дауысы шешуші дауыс болып табылады.

Байқау кеңесінің шешімдері отырыска қатысуышы Байқау кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

Байқау кеңесінің шешімдері жазбаша нысандада реестрделеді және олардың Азаматтарға айналған үйдең мемлекеттік корпорациясынан коммерциялық өмес акционерлік қоғамның НСР жағдайда бойынша, Филиалдар Еңбекшілік жағдайда бойынша және кадастрының

27. Кәсіпорын басшысы Байқау кеңесіне есеп береді.

Кәсіпорын басшысы Уәкілетті органның және Байқау кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

28. Кәсіпорын басшысы «Мемлекеттік мұлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен және Кәсіпорынның Жарғысымен кәсіпорынның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Кәсіпорын қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы.

29. Кәсіпорын басшысының шешімдері жазбаша түрде ресімделеді.

30. Кәсіпорын басшысын Байқау кеңесінің ұсынысы бойынша қызметке тағайындауды және оның алдын ала келісімі бойынша Уәкілетті орган қызметтен босатады.

Кәсіпорын басшысын тағайындау, аттестаттау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

31. Кәсіпорын басшысы басқа ұйымдарда тек Байқау кеңесінің келісімімен ғана жұмыс істеуге құқылы.

Кәсіпорын басшысы атқарушы орган басшысының не басқа заңды тұлғаның атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын адамның қызметін атқаруға құқығы жоқ.

32. Кәсіпорын басшысының функциялары, құқықтары мен міндеттері, оның жұмыс (қызмет) тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) Кәсіпорынның Жарғысымен, сондай-ақ кәсіпорынның аталған тұлғамен жасаскан еңбек шартымен айқындалады.

33. Кәсіпорын басшысы:

1) өзіне жүктелген міндеттерді орындағаны үшін Құрылтайшының, Уәкілетті органның және Байқау кеңесінің алдында;

2) Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметінің қанагаттанғысыз нәтижелері және кәсіпорын мүлкінің сакталуы үшін;

3) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Кәсіпорынның даму жоспарын іске асырудың нәтижелілігі мен тиімділігі үшін;

4) сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды қабылдамағаны үшін;

5) таза табыстың белгіленген бөлігін бюджетке уактылы аудармаганы үшін;

6) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сактамағаны үшін дербес жауапты болады.

34. Кәсіпорын басшысының еңбек шартына Уәкілетті орган қол кояды.

35. Кәсіпорын басшысы:

1) Уәкілетті орган және Байқау кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

2) үшінші тұлғалармен қатынастарда Кәсіпорын атынан әрекет етеді;

3) банктик шоттар ашады, барлық жұмыскерлер үшін міндетті бүйректар шығарады және нұсқаулар береді;

4) үшінші тұлғалармен қатынастарда Кәсіпорын атынан әрекет етеді; күкірғына сенімхат береді;

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік
корпорацияның Номерділік өмис № 147-Н-ЕРД-
қоғамының Шылжекті қаласы бойынша ф. 314
Еңбекші зудандық тіркүү және жер
адастры белгімі

ТЕКСЕРІЛДІ

- 5) Қазакстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды коспағанда, қәсіпорын қызметкерлерін қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстарды босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады;
 - 6) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды өз орынбасарларының біріне жүктейді;
 - 7) өз орынбасарлары арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілесттіктер саласын және жаупкершілікті бөледі;
 - 8) Байқау кенесі бекітетін Кәсіпорының ішкі нормативтік құжаттарының жіктеуішіне сәйкес құжаттарды бекітеді;
 - 9) осы Жарғыда айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5. Кәсіпорының мұлкі

36. Кәсіпорынның мүлкін, құны оның тәңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері күрайды.

37. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

38. Кәсіпорынның мулкі:

- 1) оған меншік иесі берген мүліктің;
 - 2) өз ~~х~~ызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды ~~көс~~ алғанда);
 - 3) Казахстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де каражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

39. Кәсішеріның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

40. Шаруашылық жүргізу құқығын алу және тоқтату, егер осы жарғыда өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде менишік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тартылған

41. Шаруашылық жүргізудегі мүлікті пайдаланудың кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында менишік құқығын алу үшін белгілентен тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне туслайды.

42. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе менишік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке шаруашылық жүргізу күкіншілдік, оған қатысты менишік иесі оны Қәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Қәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындауды.

43. Кәсішорынның негізгі құралдарға жататын Адамнұраға аналып тұмшылдықтк
зайырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде ие піктендердің тарифтерінде

44. Көспорының мүлкіне шаруашылық жүргізу көзделген, Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген жаңа

іеншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ «Мемлекеттік мұлік уралы» Қазақстан Республикасы Заңын 144-бабында көзделген жағдайларда оқтатылады.

45. Кәсіпорын жергілікті атқарушы органның жазбаша келісімімен тиісті заңын үәкілдегі органының ұсынымы бойынша мыналарға:

- 1) филиалдар, өкілдіктер құруға;
- 2) оған тиесілі дебиторлық берешегіне билік етуге;
- 3) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгерлік немесе кепілдік беруге;
- 4) қарызығы беруге құқылы;

46. Кәсіпорын оған шаруашылық жүргізу құқығында бекітілген негізгі құралдарга жаттайтын жылжымалы мұлікке дербес билік етеді.

47. Егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде немесе Құрылтайшының шешімінде өзгеше белгіленбесе, осы Жарғының 45 және 46-тар мақтарында көрсетілген мұлікпен жасалған мәмілелерден алынған ақшаны Кәсіпорын дербес пайдаланады.

6. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

48. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

49. Таза табыстың бір бөлігін аудару нормативін және Кәсіпорынның иелігінде қалған таза табыстың бір бөлігін бөлу нормативін Уәкілдегі орган белгілейді.

50. Кәсіпорындар таза табыстың бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

51. Кәсіпорын өзі өндірген өнімді дербес өткізеді.

52. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның Жарғысында көзделмеген қызметті жүзеге асырудан осы кәсіпорын аған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіптен бюджетке алып қоюға жатады. Мұлікі бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

7. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

53. Кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері 172 416 000 (жуз жетпіс екі миллион төрт жуз он алты мың) теңге.

«Корпорация Шымкент үкімет мемлекеттік
корпорациясы комерциялық әмбес акци
қоғамының Шымкент қаласы бойынша ғыл.
Еңбекші аудандық тіркеу және
кадастры белімі

ТЕКСЕРІЛ

8. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

54. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің тиісті саланың уәкілетті органының көлісімі бойынша халықаралық стандарттарына сәйкес Кәсіпорынның бағшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

55. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік тенгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

56. Байқау көнестімен Кәсіпорын байқау көнестінің, басшысының, тиісті саланың уәкілетті органының бастамасы бойынша кәсіпорын қаражаты есебінен қаржылық есеп беру аудитін жүргізеді.

9. Кәсіпорынның жауапкершілігі

57. Шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мулікпен жауап береді және мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

58. Мемлекет құрылтайшының, мемлекеттік мулік жөніндегі уәкілетті органының немесе тиісті саланың уәкілетті органының іс-әрекеттерінен туындаған бандоттық жағдай болса. Бұл жағдайларда мемлекет шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның қаражаты кредиторлардың талаптарын каншытандыру үшін жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша жауап береді.

10. Еңбек ұжымымен өзара қатынас

59. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

60. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына найшы келмеуі тиіс.

11. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

61. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын Уәкілетті органы белгілейді.

62. Еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйылышқы беру және өзге сыйақы жүйесін белгіленген еңбекке акы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын дербес айқынрайды.

63. Кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерлік пәннен өзге де сыйақы жүйесін уәкілетті органы белгілейді.

Кәсіпорынның даму жоспарында бекітілген қаражат шегінде қызметкерлерге. Кәсіпорын басшысына, оның орынбасарларына, бас бухгалтерге лауазымдық жа~~з~~кыларына үстемеақылар белгілеу, сыйакы беру және қосымша қаржы көздерінен материалдық көмек көрсету бөлігіндегі шешімдерді Байқау кеңесі қабылдайтын.

12. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

64. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Күрылтайшының шешімі бойынша жүргізеді.

65. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

66. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырылғаннан кейін қайта таратылған Кәсіпорынның мүлкін Уәкілетті орган қайта бөледі.

67. Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қайта таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаржының коса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

13. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

68. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды енгізу Күрылтайшы берегіндегі немесе Уәкілетті органға өкілеттік береді.

«Азаматтарға арналған үймет мемлекеттік корпорациясы комерциялық емес ақисынан қоғамының Шыныңдағы ғаласы бойыншағынан Еңбекші будандық тіркеу және жеке кадастры белгілі

ТЕКСЕРІЛ



Приложение 10
к постановлению акимата
города Шымкент
от 9 июля 2019 года
№ 620

Устав
государственного коммунального предприятия
на праве хозяйственного ведения «Центр гипербарической оксигенации
имени Т.О.Орынбаева» управления здравоохранения города Шымкент

1. Общие положения

1. Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Центр гипербарической оксигенации имени Т.О.Орынбаева» управления здравоохранения города Шымкент (далее – Предприятие) является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного предприятия на праве хозяйственного ведения.

2. Учредителем Предприятия является акимат города Шымкент.

3. Права субъекта права государственной коммунальной собственности в отношении имущества Предприятия осуществляют Учредитель.

4. Органом, осуществляющим управление Предприятием является управление здравоохранения города Шымкент (далее – Уполномоченный орган).

5. Наименование Предприятия: государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Центр гипербарической оксигенации имени Т.О.Орынбаева» управления здравоохранения города Шымкент.

6. Место нахождения Предприятия: Республика Казахстан, город Шымкент, Енбекшинский район, улица Алдиярова, №60 А, почтовый индекс – 160009.

2. Юридический статус Предприятия

7. Предприятие имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством, бланки, печать с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием Предприятия.

8. Предприятие не может создавать юридические лица, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица, за исключением случаев, предусмотренных законами Республики Казахстан.

9. Гражданские-правовые сделки, заключаемые Предприятием и подлежащие обязательной государственной или иной регистрации в соответствии с законодательными актами Республики Казахстан, считаются совершенными с момента регистрации, если иное не предусмотрено законодательными актами Республики Казахстан.

ТЕКСЕРІЛДІ

10. Предприятие является правопреемником всех имущественных прав и обязанностей государственного коммунального предприятия на праве хозяйственного ведения «Областной центр гипербарической оксигенации имени Т.О.Орынбаева» управления здравоохранения Южно-Казахстанской области.

3. Предмет и цели деятельности Предприятия

